

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі
Солтүстік Қазақстан облысы
«Ермек Серкебаев атындағы Өнер
колледжі-өнерде дарынды
балаларға мамандандырылған
мектеп-интернат кешені»
коммуналдық мемлекеттік мекеме
БҰЙРЫҚ



Коммунальное государственное
учреждение «Комплексе «Колледж
искусств – специализированная
школа-интернат для одарённых детей
имени Ермека Серкебаева» Северо-
Казахстанской области Министерства
образования и науки Республики
Казахстан
ПРИКАЗ

тел. 33-12-92, факс 33-14-53

150000, Петропавл қ, Интернационал көшесі,81

e-mail:kompleks_kolledz@mail.ru

150000,г.Петропавловск,ул.Интернациональная,81

2021 ж. 09 01

№ 29

01.09 2021 г.

«Оқушыларға ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптары» мен «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 Қаулысына сәйкес мектептегі тамақтануды ұйымдастыруда бақылауды күшейту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Келесі кестелер бекітілсін:

- 2021-2022 оқу жылына мектеп оқушыларының асханаға бару кестесі (№1 қосымша);
- 2021-2022 оқу жылына мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің асханаға бару кестесі (№ 2 қосымша);
- асханадағы мұғалімдердің кезекшілік кестесі (№ 3 қосымша);
- асханада өзін-өзі ұстау ережелері (№ 4 қосымша);
- тамақтануды бақылау комиссиясының құрамы (№ 5 қосымша).

1. Мектепте тамақтандыруға жауапты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ә.К. Әскерова тағайындалсын.

2. Оқушыларды 100% қамтумен тамақтандыру төмендегідей ұйымдастырылсын:

- толық ата-ана төлеміне ыстық тамақ;
- асханаға бару кестесіне сәйкес үзілістерде буфет арқылы колма-кол ақшаны төлеу арқылы қосымша тамақтану.

1. Сынып жетекшілеріне 5-9-сыныптар үшін жауапкершілік жүктелсін:

- оқушыларды ыстық тамақпен 100% қамту қамтамасыз етілсін;
- мектеп асханасында өзін-өзі ұстау ережелері туралы нұсқаулықтар өткізілсін;
- тамақтану мәдениеті бойынша сынып сағаты өткізілсін;
- тамақтану мәдениеті туралы ата-аналармен жеке әңгіме және ата-аналар жиналысы өткізілсін;
- тамақтандыру кестесіне сәйкес оқушылардың асханаға дейін баруына жетекшілік етілсін;
- асханаға бару кезінде оқушылардың өмірі мен денсаулығы бақылансын.

1. Кезекші әкімшілік әр үзіліс кезінде тамақтандыруды және асханадағы кезекшілікті қадағаласын.

2. Ыстық тамақты ұйымдастыруға жауапты Ө.К.Әскерова:

- сатылатын өнімдер мен ұсынылатын тағамдардың сапасын бақылау мақсатында тамақ өнімдерін бақылау комиссиясы өкілдерінің асханаға баруы ұйымдастырылсын;
- бракераждық комиссиясының жұмысын ұйымдастыру және тамақтандыру бөлімінің жұмысын және ұсынылатын тағамдардың сапасын күнделікті бақылау жүзеге асырылсын;
- мектеп асханасын ұйымдастыру туралы ақпарат мектеп сайтында жүйелі түрде орналастырылсын.
- Бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Директор



Кашенева Р.А.